

Шалқар ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 15 сәуірдегі № 66 "Шалқар ауданының жергілікті атқарушы органдары "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалау әдістемесін бекіту туралы" қаулысының күші жойылды деп тану туралы

Ақтөбе облысы Шалқар ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 6 наурыздағы № 52 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 24 наурызда № 5347 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31, 37 баптарына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27 бабына сәйкес Шалқар ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Шалқар ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 15 сәуірдегі № 66 "Шалқар ауданының жергілікті атқарушы органдары "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалау әдістемесін бекіту туралы" (нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 4912 болып тіркелген, 2016 жылғы 30 мамырдағы аудандық "Шежірелі өлке" газетінде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау "Шалқар аудандық әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесінің басшысы Ж. Жанұзақовқа жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Б. Қаниев